



# ЕМБІЛІК

«Ембімұнайгаз» АҚ электронды корпоративті газеті



#16 (16) 21 желтоқсан 2018 жыл

Газет 2018 жылдың 4 мамырынан шыға бастады

## КУТТЫҚТАУ



## ҚҰРМЕТТІ ЕМБІЛІКТЕР!

Сіздерді келе жатқан Жаңа жыл мерекесімен шын жүректен құттықтаймын! Жаңа 2019 жылды қарсы алуға санаулы ғана күндер қалды. Қоштасқалы отырған 2018 жыл біздің Компания үшін ерекше есте қалмақ. Еліміздің мұнай-газ саласының бастауында тұрған «Ембімұнайгаз» АҚ-на Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың келуі –ембіліктер үшін үлкен мәртебе. Мемлекет басшысы Өндірістік процесті бақылау орталығының жұмысымен танысып, оң бағасын берді. Бұдан бөлек ғасырға жуық тарихы бар Ембі Үкімет басшысы, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаттары, «Самұрық-Қазына» ӨАҚ, «ҚазМұнайГаз» ҰК»АҚ басшыларын және басқа да мәртебелі меймандарды қабылдады.

Компанияның тарихы тәуелсіз еліміздің қалыптасуымен тығыз байланысты. Өткен жыл да Компаниямыз үшін жемісті болды. Бұған қол жеткізуімізде әр жұмысшымыздың үлесі бар екендігін нық сеніммен айта аламын.

Бүгінде жүріп өткен жолымызға қарай отырып, біз дамудың ең тиімді жолы адал еңбекте, ұйымшыл ұжымда екендігіне көз жеткіздік.

Біз ескі жылмен ыстық ықыласпен қоштасып, әрқайсысымыз Жаңа жылға үлкен үміт артамыз, өмірдің жаңа парағын сеніммен ашамыз. Себебі, тұрақты дамыған мемлекетті өмір сүріп, келешекке ауқымды жоспарлар құрып отырмыз. Соның айғағы – биыл бекітілген Ембінің 2027 жылға дейінгі Даму тұжырымдамасы.

**Жаңа 2019** жылда жағымды жаңалықтар мен телегей табыс мол болсын! Әрбір игі істер мен жаңа бастамаларыңызға сәттілік серік болып, отбасыңызға баянды бақыт пен бақ-береке келсін! **Жаңа 2019** жыл мерекелі, берекелі болып, мерейіңіз үстем, беделіңіз биік, абыройыңыз асқақ болуына тілектеспін!

Ізгі тілекпен,  
«Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасы  
**Ә.ЖАҚСЫБЕКОВ**

## ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ҚАУІПСІЗДІК ТЕХНИКАСЫ

### «ҚАЗМҰНАЙГАЗ» ҰК АҚ «САУЫҚТЫРУҒА 10 ҚАДАМ» БАСТАМАСЫ

(Жалғасы, басы өткен санда.)

#### 4 ҚАДАМ. Шылымнан бас тарту

БДДСҰ мәліметтері бойынша, шылым жыл сайын 6 миллион өлім жағдайларына алып келеді, соның ішінде 5 миллионы тұтынушыларға және шылым шекпейтін 600 мыңнан аса адамға шылым түтіні әсер етеді.

Шылым шегу қатерлі ісіктердің пайда болуына негізгі себебі болып табылады: өкпенің, жұтқыншақтың, ауыз қуысының, еріннің қатерлі ісіктері.

Шылым шегетін адамдар шекпейтіндерге қарағанда 6 есе жиі жүрек ауруына шалдығады және жүрек сырқатымен немесе басқа жүрек проблемасына шекпейтіндермен салыстырғанда 10 жыл бұрын душар болуы мүмкін. Шылым шегуді тастау әрекетінің мүмкіншілігін арттыратын дәрігер кеңесін алыңыз.

Шылым қабылдауды азайтыңыз немесе мүлдем тастаңыз.

Аш қарынға, тамақтанар алдында және кейін 1,5-2 сағат ішінде шылым шекпеңіз, шылым шегу уақытын кейінге қалдырыңыз.

Шылым шеккіңіз келсе, уақытты созыңыз және бір нәрсемен айналысып, көңіл ауытқуға тырысыңыз, жеңіл физикалық жаттығулар жасаңыз. Темекіні стақан шырын, минералды сумен, сағызбен, тәтті емес жемістермен ауыстырыңыз.

## ЕРТЕҢ, 22-ЖЕЛТОҚСАН –ЭНЕРГЕТИКТЕР КҮНІ

### ҚҰРМЕТТІ ЭНЕРГЕТИКА САЛАСЫНЫҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ!

Энергетика – экономиканың қозғаушы күші. Себебі, бүгінгі таңда әлемді жарықсыз елестету мүмкін емес. Энергетиктер жұмысының маңыздылығына баға жетпейді, олардың еңбектері арқасында тұрғындардың үйлері жайлы да жарық, ұйымдар мен мекемелер қалыпты қызмет етіп келеді. Барлық тұрмыстық және өндірістік техника электр энергиясынсыз жұмыс істемейтіні белгілі. Сондықтан, өндірісті, кәсіпорынды жарықпен жарылқап отырған энергетиктердің орны ерекше екендігін атап өтуіміз керек.

Сіздерді кәсіби мерекелеріңізбен құттықтаймыз! Сіздерге зор денсаулық, отбасыңызға амандық, ізгілікке толы еңбектеріңізге толағай табыс тілейміз!

Құрметпен, «Ембімұнайгаз» АҚ ұжымы.

(Кәсіби мерекеге арналған мақаланы 7 беттен оқи аласыздар).



## МАРАПАТ

## АДАЛ ЕҢБЕКТІҢ ЖЕМІСІ

Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі мерекесі қарсаңында Елордада өткен салтанатты жиында «ҚазМұнай-Газ» ҰК» АҚ Басқарма төрағасы Алик Айдарбаев ұлттық компанияның бір топ қызметкерлеріне мемлекеттік марапаттарын ұсынды. **«Доссормұнайгаз» МГӨБ №1 «Ботақан» мұнай және газ өндіру цехының 5-разрядты операторы Қасен ОҢАЙБАЕВ** Мемлекет басшысының Жарлығымен III дәрежелі «Еңбек даңқы» төсбелгісімен марапатталды.

Қасен Қабиұлы еңбек жолын 1981 жылы «Ембімұнай» бірлестігінің «Доссормұнай» МГӨБ-нің Қарсақ кен орнында оператордың көмекшісі болып бастады. Отан алдындағы әскери борышын өтеп келген соң, аталған кен орнында жұмысын жалғастырып, екінші, үшінші, төртінші разрядты мұнай және газ өндіру операторы болып қызмет етті.

Айта кететін жайт, бұл Оңайбаевтар әулетінің тұңғыш мемлекеттік марапаты емес. Бұған дейін Қасен Оңайбаевтың әкесі Қаби Оңайбаев та (Қарсақ кен орнында машинист болып еңбек

еткен) екі мәрте 1975 және 1981 жылдары «Еңбек ері» (кейін «Еңбек даңқы» деп өзгертілген) төсбелгісін алған болатын. Бұл – әке салған сара жолды ұрпағының абыроймен жалғап келе жатқанының нақты көрінісі.



Қасен Қабиұлы 2005 жылдан бастап №1 «Ботақан» мұнай және газ өндіру цехында 5 разрядты оператор болып еңбек етуде.

Мұнай-газ саласындағы ұзақ жылдар бойғы қызметінде ол өз ісінің шебері екені аңғартты. Жоғары кәсіптік деңгей және өз ісіне деген жауапкершілік оған жоғары нәтижеге қол жеткізуге мүмкіндік берді. Ол бар жиған тәжірибесін әріптестерімен бөлісіп, жас мамандарға да тәлімгер болуда. Ұжым арасында құрмет пен беделге ие.

Мұнай-газ саласының дамуына қосқан ұзақ жылдар бойғы еңбегі үшін 2002 жылы Ботахан кен алаңының 20 жылдығына орай

«Доссормұнай» МГӨБ-нің Құрмет грамотасымен, 2011 жылы «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ-ның «Доссор кен алаңына 100 жыл» мерекелік төсбелгісімен марапатталған.

\*\*\*

Ел Тәуелсіздігі мерекесі қарсаңында Қазақстан Республикасы Кәсіподақтар Федерациясында және өңірлік кәсіподақтар орталықтарында әртүрлі салада жұмыс істейтін еңбек адамдарына құрмет көрсетілді.



Кәсіподақтар федерациясының ұсынысы бойынша Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен экономиканың түрлі саласында еңбек ететін ең үздік мамандар лайықты наградаларын алды. Соның ішінде «Ембімұнайгаз» АҚ Кәсіподақ комитетінің төрағасы Кенжеғали ШАҢҚАНОВ «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталды.

**Әріптестерімізді лайықты марапаттарымен құттықтаймыз!**

ЕМБІ  
МҰНАЙШЫЛАРЫ  
ТӘУЕЛСІЗДІК  
КҮНІН АТАП ӨТТІ

«Ембімұнайгаз» АҚ-да (бұдан әрі ЕМГ немесе Компания) Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 27 жылдығына орай бірқатар шаралар ұйымдастырылды. 13-желтоқсанда ЕМГ бас кеңсесінде Компанияның басқару аппараты мен кәсіподақ комитеттері басшылары мен қызметкерлерінің қатысуымен салтанатты шара өтті.

Осыдан тура 27 жыл бұрын Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі туралы» Заңына қол қойып, ата-бабамыздың арманы орындалып, жасампаздығымызды жаңа белеске көтерді.

Егемендік алған кезеңде еліміздің саяси, мәдени өмірі мен әлеуметтік инфрақұрылымында орын алған өзгерістерді ерекше атап өтуге болады.

Еліміздің қол жеткізген жетістіктерінде

қазақстандық мұнайшылардың, соның ішінде, ембіліктердің қосқан үлесі зор екендігін мақтанышпен айтамыз. Қазіргі таңда Компанияда 5 мыңнан астам адам еңбек етеді. Олардың барлығы дерлік – Атырау облысының тұрғындары. Жұмысшыларымыз бәсекеге қабілетті еңбекақы және әлеуметтік пакетпен қамтылған. Компанияда геологиялық барлау, өндірісті цифрландыру жобаларын енгізу, бизнес-үдерістерді оңтайландыру және өндірістік нысандардың



әлеуметтік инфрақұрылымын жақсарту бағытында ауқымды жұмыстар жүріп жатыр.

Сол арқылы Ембі өзінің ұйымшыл ұжымының жағдайын жақсартып, алдағы уақытта да еліміздің өркендеуіне атсалыса бермек! - деп атап өтті құттықтау сөзінде **ЕМГ Басқарма төрағасы Әнуар ЖАҚСЫБЕКОВ**.

Тәуелсіздік мерекесіне орай естелік мара-

## МЕРЕКЕ

паттармен және Құрмет грамотасымен Компанияның бір топ қызметкерлері марапатталды.

Сонымен қатар, ұжымды құттықтаған **ЕМГ Кәсіподақ ұйымының төрағасы Кенжеғали ШАҢҚАНОВ** тәуелсіз еліміз мен мұнай-газ саласының дамуына қосқан үлесі үшін қызметкерлерге Алғыс хат табыстады.

Салтанатты шара барысында 1986 жылы Алматы қаласында өткен Желтоқсан оқиғасына қатысқан күрделі құрылыс департаменті **жобалау-сметалау жұмыстары бөлімі аға инженері Гүлмира Майлыбаева** сол жылдарды еске алып, жастар атынан құттықтау сөз **орталық бухгалтерияның қаржы есебін дайындау бөлімінің бастығы Азамат КУЛЬЧИЕВ** сөйледі.

Салтанатты шара Н.Жантөрин атындағы облыстық филармония мен халық шығармашылығы орталығы өнерпаздарының қатысуымен мерекелік шараға ұласты.

Сонымен қатар, Тәуелсіздік мерекесіне арналған салтанатты шаралар ЕМГ-нің барлық өндірістік құрылымдық бөлімшелерінде де ұйымдастырылды.



*Санаулы күндерден соң 2019 жылды қарсы аламыз. Жаңа жылды қарсы аларда бәріміз де ескі жылда не тындырдық, табысымыз қандайлық деген оймен жүріп өткен жолды саралайтын дағдымызбен осы кезең ішінде нәтижесін тапқан іс шараларға шолу жасаймыз. Сонымен, 2018 жыл бізге несімен есте қалады?*

2019 «Ембімұнайгаз» АҚ интерактивті мұражайға Атырау қаласындағы жоғары оқу орындары, колледждер мен мектеп оқушылары үшін экскурсия ұйымдастыра бастады.



\*\*\*

«Ембімұнайгаз» АҚ тарихында тұңғыш рет 2017 жылдың жалпы қорытындылары бойынша жылдық есеп жасақталды.

Үш тілде 80 таралыммен жарық көрген есептік құжатқа Компанияның қаржы саласы қызметкерлері, әсіресе, орталық бухгалтерияның қаржы есебін дайындау бөлімі мамандары өндірістік құрылымдық бөлімшелер, департаменттер мен қызметтерден ақпаратты жинақтап, белсене атсалысты.



\*\*\*

Сәуір айында ЕМГ баскеңсесінде мұнай-газ саласына сандық технологияларды енгізудің өзекті мәселелеріне арналған халықаралық форум өтті. Компанияның бастамасымен және ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігі және ҚР



## 2018 ЖЫЛ НЕСІМЕН ЕСТЕ ҚАЛДЫ?

Энергетика министрлігінің қолдауымен өткен форумға салалық министрліктер өкілдері, ірі мұнай-газ компанияларының басшылары мен қызметкерлері, халықаралық сарапшылар және IT саласында қызмет көрсететін компаниялардың өкілдері, жалпы алғанда 200-ден астам делегат қатысты.

\*\*\*



«Ембімұнайгаз» АҚ 17-ші халықаралық Global Oil&Gas Atyrau-2018 және Atyrau Build-2018 Солтүстік-Каспий мұнай-газ және құрылыс көрмелеріне қатысты. ЕМГ көрменің Алтын серіктесі болды.

\*\*\*



Биыл Ембі тарихындағы елеулі оқиға – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың келуі. Сондай-ақ, қазақ мұнайының қара шаңырағы саналатын кәсіпорынның бас ғимаратына Үкімет басшысы Б.Сағынтаев, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаттары Б.Мамраев пен М.Пішембаев, «Самұрық-Қазына» ӨАҚ» АҚ Басқарма төрағасы А.Есімов, «ҚазМұнай-



Газ» ҰК» АҚ басшылары келіп, Өндірістік процестерді басқару орталығының жұмысымен және «Интеллектуалды кен алаңы»

жобасы бойынша алдағы жоспарлармен танысты.

\*\*\*

ЕМГ Директорлар кеңесі Компанияның 2027 жылға дейінгі Даму тұжырымдамасын бекітті. Тұжырымдамада ЕМГ бизнесті дамыту, бағдарламалық құжаттарды, қаржылық-экономикалық модельдер (бизнес-жоспарлар) болжамын, тәуекелдерді басқару жүйесін, Компанияның жыл сайынғы бюджетін, инвестициялық жобаларды және т.б. дайындау кезінде басшылыққа алатын шешімдердің ережелері мен қағидалары анықталған.

Стратегиялық құжат компанияға қарсты барлық өндірістік құрылымдық бөлімшелер ұжымдарына таныстырылды.

\*\*\*

Ембімұнайгаз» АҚ ұжымы көктемгі су тасқынынан зардап шеккен Шығыс Қазақстан облысы тұрғындарына қайырымдылық көмек көрсетті.

«Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасы Әнуар Жақсыбеков Компания ұжымы атынан үйлері суға кетіп, жарамсыз деп танылған Шығыс Қазақстан облысының Зырян ауданының Малеевск, Зубовск және Зырян қаласы маңының тұрғындары – 7 отбасына тұрғын үйлер кілттерін табыс етті.

\*\*\*



Компанияда тұңғыш рет «Мұнайшы қыз» клубы құрылды. Клубтың құрылу мақсаты – Компанияда еңбек ететін қыз-келіншектердің өз-өзін дамыту және ортақ пікір алмасу алаңын құру.



## ӘЛЕУМЕТТІК МӘСЕЛЕЛЕР

Сәлімжан Нақпаев, «Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасының жалпы мәселелер жөніндегі орынбасары:

## ЕМБІ ӨҢІРІНІҢ ӘЛЕУМЕТТІК НЫСАНДАРЫ КЕЗЕҢ-КЕЗЕҢІМЕН ЖАҢҒЫРТЫЛУДА

**«Сандық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасының дамуына үлес қосып отырған Компанияның бірі – «Ембімұнайгаз» АҚ. Өндіріс пен әлеуметтік саланы қатар өрбіткен ұжымда қарапайым еңбек адамының әлеуетін арттыру мақсатында да тың бастамалар қолға алынуда. Бүгінгі сұхбат осы төңіректе өрбімекші.**

– Елбасы өзінің биылғы Жолдауында келесі жылды «Жастар жылы» деп жариялауды тапсырды. Бұл – жастарға, жас отбасыларға жасалып отырған үлкен мүмкіндік. Осы орайда, «Ембімұнайгаз» АҚ білікті, талантты жас мамандарды қолдау мақсатында қандай шараларды жүзеге асырып жатыр? Сұхбатымызды осы мәселеден бастасақ.

– Бүгінгі таңда «Ембімұнайгаз» АҚ-да 5 мыңнан астам адам еңбек етеді. Олардың орташа жас мөлшері 44,3 жасты құраса, оның –15 пайызы жастар. 2018 жылдың 1-қазанындағы мәлімет бойынша, Компанияда еңбек етіп жатқан 800-ге тарта мұнайшы – 33 жасқа дейінгі мамандар.

Ғасырдан астам уақыт бойы жер қойнауын игеріп келе жатқан Компания басшылығы үшін өндірісті талантты, білімді жас мамандармен қамту өзекті мәселенің бірі саналады. Сол арқылы тарихын тереңнен алатын байырғы кәсіпорынның екінші тынысын ашу көзделуде. Өздеріңіз жақсы білесіздер, біздің қоғамда жоғары білімді жастардың мамандықтары бойынша жұмысқа орналасуларында кедергілер бар. Біздің Компания осы жайтты ескере отырып, тың жобаны іске қосты. 2015 жылдан бастап Ембі өндірісінде «Дуалдық оқыту» бағдарламасы күшіне енді.

«Ембімұнайгаз» АҚ осы бағдарлама бойынша Атырау мұнай-газ университеті

мен АПЕК Петротехник жоғарғы техникалық колледжі және ағымдағы жылдан бастап Уфа мемлекеттік мұнай-техникалық университетінің студенттерімен тығыз байланыс орнатып отыр. Бағдарлама аясында студенттер практика мен теорияны шебер ұштастырып, Ембінің өндіріс алаңдарынан тәжірибе жинақтауға мүмкіндік алып отыр. Олар 14 күн ауысымдық әдіспен өндірістік тәжірибеден өтсе, келесі 14 күн бойы білім ордаларында теориялық білімдерін жалғастырады. 2015-2018 жылдар аралығында «Дуалдық оқыту» бағдарламасы арқылы 74 студент жұмысшы мамандықтары бойынша оқып, тестілеу сынақтың қорытындысы бойынша үздік деп танылған 35 студент компанияға жұмысқа қабылданды. 43 студент бүгінгі таңда жұмысшы мамандығы бойынша оқуларын жалғастыруда. Бағдарлама бойынша барлық шығынды: студенттердің арнаулы киіммен, олардың жатын орынмен, тамақпен қамтылуы және оларға төленетін ай сайынғы стипендия төлемдері Компания бюджеті есебінен жүзеге асуда. Біз бұл орайда еліміздің мұнай-газ саласына маманданған кәсіпорындардың арасынан алғашқы болып осындай маңызды жобаны қолға алғанымызды мақтанышпен айтамыз. Мұның барлығы – жас мамандарға жасалып



жатқан үлкен қамқорлық.

– Компания жас мамандарға қамқорлық жасаумен қатар, Ембі өндірісінің қалыптасып, дамуында өзіндік үлесі бар мұнайшылардың әлеуметтік жағдайын жақсарту түсу шараларын өзекті санайтыны белгілі. Осы жөнінде тереңірек айтып өтсеңіз.

– Иә, Компания басшылығы өз қызметкерлерінің әлеуметтік жағдайын жақсартуды үнемі назарда ұстап келеді. Мұнай-газ саласы ауыр жұмыс санатына жатады. Үнемі ауыр жұмыста жүретін адамның денсаулығы да сыр беретіні даусыз. Осы жағдайларды ескерген Компания басшылығы «Мерзімінен бұрын

зейнеткерлік демалысқа шығу» бағдарламасын іске қосты. 2014 жылдың сәуір айынан қолданыста жүрген бағдарлама бойынша 55 жасқа келген әйелдер мен 60 жасқа толған ерлер мерзімінен бұрын зейнеткерлік демалысқа шығып, оларға ай сайын жалақысының 60%-ын зейнеткерлік жасқа толғанға дейін алып отыру көзделген болатын. Өткен жылы еліміздің зейнеткерлік демалысқа шығу жүйесіне енгізілген кейбір өзгерістерге байланысты Компанияның аталған бағдарламасының талаптары өзгерді: енді мұнайшы-әйелдер зейнеткерлік жасқа толға 3 жыл қалған уақытына зейнеткерлік демалысқа шығуға ынта білдірсе, олар айлық жалақысының 48-50 пайызын 3 жыл уақыт бойы ала алады, ал, басқа өндірістегі ұңғымаларды жерасты жөндеу операторлары мен машинистері, көлік жүргізушілер, электр дәнекерлеушілер сияқты ауыр еңбек түріне жататын мамандықтарда еңбек ететін жұмысшыларға бұл жеңілдіктер 58 жастан бастап тиесілі. Нәтижесінде, ауыр жұмыс орындарда еңбек ететін жұмысшылар 5 жыл бойы жалақысының 48-50 пайызын ай сайын алып отырады. 2014-2018 жылдар аралығында 224 адам «Мерзімінен бұрын зейнеткерлік демалысқа шығу» бағдарламасы бойынша уақытынан бұрын зейнеткерлік демалысқа шықты. Ал, олардың орындарын жас мамандар алмастырды. Бұл орайда, компания басшылығы екі мәселені тиімді шешіп отыр. Біріншіден, қызметкерлердің әлеуметтік жағдайын жақсарту жүзеге асса, екіншіден, өндіріс талантты, білімді жас мамандармен толығады. Заман талабы бір орында тұрмайды, өндірісті жаңа техникамен, технологиямен қамту өзекті саналса, тың бастамаларды дереу іске қосатын талантты жастар екені даусыз.

Сонымен қатар, жұмыс беруші мен жұмыскердің арасында бекітілген «Ұжымдық шарт» талаптары бойынша компания өз қызметкерлерін материалдық көмектермен қамтып отыр. Мұнайшыларға кезекті еңбек демалысқа шығар алдында, мерейжасқа толғанда, сәби дүниеге келгенде, зейнеткерлік демалысқа шыққанда, бала күтімі кезінде, ағайындары қайтыс болған жағдайларда компания тарапынан материалдық көмектер тиесілі. Ұжым мүшелеріне жылына бір рет шипажайларда демалу үшін 250 000 теңге, ал, мұнайшы балаларының жазғы демалыстары үшін 150 000 теңге көлемінде әлеуметтік көмектер ұйымдастыры- **5 →**



лады. Ал, Компания зейнеткерлерінің шипажайларда емдік демалысын ұйымдастыру үшін олардың есепшотына жыл сайын бір рет 150 000 теңге аударылады.

**– Ал, отандық мұнай өндіруші компания мұнайлы өңірдің инфрақұрылымын дамытуға қандай үлесін қосып отыр?**

– Компания өнім өндірумен қатар, жер қойнауын пайдаланушы компания ретінде ел қазынасына жыл сайын қомақты қаражат аударып отыр. Дәлірек айтсам, әлеуметтік жағынан аз қамтылған тұрғындардың тұрмыстық жағдайын жақсарту және аймақтың инфрақұрылымын дамыту мақсатында республикалық, облыстық бюджетке салық төлемдерін аударыды. «Ембімұнайгаз» акционерлік қоғам ретінде дербестігін алған 2012 жылдан бастап, 2018 жылдың 6 айлық қорытындысында салық төлемдері ретінде республикалық және жергілікті бюджетке **833 млрд.** теңгеден астам және аймақтың инфрақұрылымының дамуына **4,3 млрд.** теңгеден астам қаражат аударды.

Нақты облыс бюджетіне көрсетіп отырған көмекке тоқталсам, 2017 жылы облыстық бюджетке 10 млрд. 440 млн теңге, 2018 жылдың 9 айлық қорытындысында 7 млрд. теңге қаражат бөлінген. Бұл қаражаттарға облыс аумағында әлеуметтік нысандар салынып, олар бүгінгі таңда жергілікті халықтың игілігіне қызмет көрсетуде.

**– Сұхбат барысында компания үшін басты қағида – қарапайым еңбек адамының жағдайы деген ойды анық байқаттыңыз. Ембілік өндіріс алаңдары әлеуметтік нысандармен толықтай қамтылып, бүгінде оларды жаңғырту жұмыстары жүріп жатыр. Осы жөнінде толығырақ айта кетсеңіз.**

– Бүгінде Компания тек өндірістік секторда ғана емес әлеуметтік салада да пилоттық жобаларды іске қосып отыр. Әлеуметтік нысандарды жаңғырту жұмыстарын батыл қолға алуда. Осы мақсатта арнайы бағдарлама бекітіліп, күшіне енді, қаражат бөлінді. 2017 жылы Компанияға қарасты «Жайықмұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасы (Исатай ауданы) мен «Жылыоймұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының (Жылыой ауданы) әлеуметтік нысандарын жаңғырту мақсатында мұнайшылар жатақханасының жиһаздары, тұрмыстық техника, спорт жабдықтары, төсек-орын, мобильдік вагондар сатып алынды. Ағымдағы

жылы аталмыш бағдарламаның екінші кезеңінде «Доссормұнайгаз», «Қайнармұнайгаз», «Ембімұнайэнерго» мен «ӨТҚЖЖК» басқармалары үшін қосымша қаражат бөлінді. Мұнайшылардың тұрмыстық-жағдайын көтеруді мақсат еткен Компания биыл «Қайнармұнайгаз» басқармасының Кенбай кен алаңында 100 орындық жатақхана, «Жылыоймұнайгаз» басқармасының Қысымбай кенішінде 50 орындық асхана, «Жайықмұнайгаз» басқармасына қарасты С.Балғымбаев кен алаңында 150 орындық мұнайшылар асханасын іске қосты. Мұнайшылар заман талабына сай жабдықталған жатын орынмен, асханамен толықтай қамтылып бола келді. Ендігі мақсат – мұнайшылардың тамақтану жүйесіне өзгерістер енгізу. Нақтылайтын болсам, «Термостық тамақтану жүйесі» пилоттық жобасы жасақталынууда.

**– Сонда бұл – қандай жоба?**

– Ембі өңіріндегі шағын кеніштердің (шағын ұжым) жұмысшылары орталықтағы асханаға келіп тамақтанып жүр. Демек, мұнайшыларды орталыққа тасымалдау үшін арнайы транспорт бөлінген. Өздеріңіз білесіздер, жол қатынасы бар жерде, қауіпсіздік шараларын сақтау проблемасы туындайтыны белгілі. Шағын кеніштердегі түнгі ауысымда еңбек ететін жұмысшылар үшін құрғақ тамақ (сухой паек – ред.) жеткізілетін. Енді термостық тамақтану жүйесі бойынша мұнайшылар үнемі ыстық тағаммен қамтылады. Бұл орайда, тамақты таситын арнайы ыдыстар алынып жатыр. Бұл ыдыстар білгілі мерзімге дейін тамақ сапасының сақталуына мүмкіндік береді. Осы арқылы біз екі мәселені оңтайлы шешеміз. Біріншіден, жол қауіпсіздігі, тасымал мәселесі шешімін тапса, екіншіден, түнгі ауысымда еңбек ететін мұнайшылар құрғақ тамақтың орнына ыстық, әрі сапалы тағаммен қамтылады. Бұл жоба өңіріміздегі шетелдік компанияларда жүзеге асып, тиімділігін көрсетті.

2019 жылғы қолданысқа енетін аталмыш жоба биылдың өзінде «Жайықмұнайгаз» МГӨБ-на қарасты 20 адам еңбек ететін Гран кен алаңында сынақ ретінде өз жұмысын бастап кетті.

**– Шетелдік компаниялар демекші, жұмысын жетілдіру, тәжірибе алмасу мақсатында ірі кәсіпорындармен байланыс орнатылған ба?**

– Бұл – өте маңызды сұрақ. Компанияның ұстанған басты қағидасы – жұмысқа

кеткен әр қызметкер отбасына аман-есен оралуы керек. Осы бағытта ірі компаниялардың қызметтерімен таныса бастады. Мәселен, жуырда «Ембімұнайгаздың» бір топ қызметкерлері Теңіз кенішінде болып, мұндағы жатақхана, тамақтану, қауіпсіздік қызметі, жұмысшылар тасымалы басқа да бағыттағы жұмыстарымен танысты. Кейін біріккен семинар өтіп, ашық пікір алмасу алаңы жасақталды. Қызметкерлеріміз «Теңізшевройл» ЖШС өкілдеріне сұрақтар қойып, тұшымды жауаптар алынды. Осы үрдісті әрі қарай жалғау мақсатында «NCOC», «Қарашығанақ Петролеум» компанияларымен іскерлік байланыс орнатудамыз.

Әрине, мұнай-газ секторына маманданған отандық компания қызметінің негізгі бағыты – өндіріс саласы. Өндірістің жаңа техникамен, технологиямен қамтылуы – өзекті жайт. Десек те, қарапайым еңбек адамының жағдайы ұдайы назарда ұсталынады. Әлеуметтік проблемалар оңтайлы шешілген ұжымда ғана табысты еңбек орын алады. Осыны ескерген Компания басшылығы қарапайым еңбек адамының қауіпсіз ортада алаңсыз еңбек етуіне барлық жағдайды жасап отыр. Өндіріс пен әлеуметтік саладағы жаңғырту жұмыстары ұдайы жалғаса беретініне сенімдіміз.

**–Сұхбатыңызға рахмет.**

#### ХАБАРЛАНДЫРУ

### ҚҰРМЕТТІ «ЕМБІМҰНАЙГАЗ» АҚ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ!

Егер Сізге Қоғамның тауарлы-материалдық құндылықтарын ұрлау бойынша дайындалған немесе жасалған немесе орын алған құқық бұзушылықтар, қоғамдық тәртіптің бұзылуы, ЕМГ немесе мердігер мекемелері қызметкерлерінің сыбайластық және лауазымды өкілеттікті асыра пайдалануы туралы мәлім болса, онда ақпарат, фото немесе бейнежазбаны «WhatsApp» немесе SMS хабарлама арқылы +7 701 775 66 56 нөміріне жіберуіңізге болады.

Құпиялылыққа кепілдік беріледі.

**«Ембімұнайгаз» АҚ корпоративті қауіпсіздік және мобилизациялық жұмыстары қызметі**

## ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ

БАЛАЛАРҒА —  
ЖАҢАЖЫЛДЫҚ  
СЫЙЛЫҚТАР

Жуырда «Ембімұнайгаз» АҚ Орталық басқару аппаратында дәстүрлі «Аяз Атадан сыйлық» қайырымдылық жәрмеңкесі ұйымдастырылған болатын.



Жәрмеңкенің мақсаты – Компания қызметкерлері, жергілікті суретші, қолөнерші, зергерлердің өздері дайындаған қолөнер бұйымдары мен дәмді тағамдарды сатудан түскен қаражатқа әлеуметтік аз қамтылған отбасы балаларына қажетті киімдер мен жаңажылдық сыйлық алу. Қайырымдылық шарасынан жиналған

345 190 теңге қаражатты мақсатты жұмсау үшін Атырау қалалық жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және азаматтық хал актілерін тіркеу бөліміне хабарласып, денсаулықтарына байланысты үйден отырып білім алатын балалардың тізімі алынды. Соның ішінен, 7-10 жас аралығындағы 50 балаға жаңажылдық тәттілер және қол қозғалысы мен ойлау қабілетін дамытатын ойыншықтар тарту етілуде.



Компанияның Орталық басқару аппаратының жастары тізім бойынша үй-үйлерді аралап, балаларға қуаныш сыйлауға белсене атсалысуда. Балалардың қуынышында да шек жоқ. Ал, ата-аналары болса, еліміздің өсіп-өркен-

деуіне зор үлес қосумен қатар әлеуметтік көмек көрсетіп жатқан Компания ұжымына шексіз алғыстарын білдірді.



## САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫ

Футзалдан «Ембімұнайгаз» АҚ командасы – 1 лига командалары арасында ҚР біріншілігі аймақтық кезеңнің жеңімпазы. Аймақтық кезең турнирінде «Атырау» командасымен өткен алғашқы кездесу 0:1 есебімен аяқталды. Ойын тағдырын шешкен жалғыз голдың авторы атанған – Бекназар Ақмүрзиев.

Келесі күні ембіліктер «Құлагер» командасымен кездесті. Бұл ойында есеп ашылмай, командалар тең тарқасты.

«Өмірзақ» командасымен өткен байрақты бәсекеде мұнайшылар командасы 3:2 есебімен басым түсті. Аймақтық кезеңдегі үш ойында бірде-бір жеңіліс таппаған ембіліктер 2019 жылдың наурыз айында өтетін республикалық турнирдің ақтық сынында Атырау облысының намысын қорғайтын болады. 5 ұпай еншілеген «Құлагер» - 2 орын, 3 ұпаймен «Атырау» - 3 орынды иемденді.

Сонымен қатар, футболдан Атырау қаласының ашық біріншілігінің алғашқы турында ЕМГ командасы «Атырау мұнай және газ өңдеу зауыты» ЖШС командасын 6:0 есебімен ойсырата ұтты. Әріптестерімізді құттықтап, алдағы жарыстарда сәттілік тілейміз!

## МҰНАЙШЫЛАР — СПОРТТА ДА КӨШ БАСЫНДА







## БІЗДІҢ БАСТЫ МАҚСАТЫМЫЗ – ӨНДІРІСТІК ҚАУІПСІЗДІК ЖӘНЕ ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ

*Ембі өңірінің энергетика жүйесінде заман талабына сай жаңғырту жұмыстары кезең-кезеңімен жүзеге асуда. «Ембімұнайгаз» АҚ-на қарасты «Ембімұнайэнерго» басқармасындағы жаңғырту жұмыстары туралы төмендегі материалдан толықтай оқи аласыздар.*

«Ембімұнайгаз» АҚ кен алаңдарының үздіксіз жұмыс жасауы электр энергиясына тікелей қатысты екені баршаға мәлім. Бұл орайда Ембі өндірісі заманауи жабдықтармен қамтылған. Барлық тербелмелі-станоктардың басқару блоктары жаңа деңгейге - жиілік түрлендіргіштерге көшті, яғни жер асты қабатының қысымын көтеру (ППД) және мұнай айдау пунктеріндегі (ППН) сораптардың бірқалыпты қосылуының арқасында – электрэнергиясы үнемделіп, электр қозғалтқышының іске қосылған кезіндегі тоқ күшінің көбеюі толығымен жойылды. Кен орындарында электр қозғалтқыштарды қашықтан бақылап, олардың жұмыс параметрлерін өзгерте алатын штангалы тереңдік сораптарды басқару жүйелері (ИСУ ШГН) енгізілді. Компанияға қарасты мұнай-газ өндіру басқармаларында тұтынатын электр энергиясының сапасын көтеретін бес компенсациялық қондырғы іске қосылды.

Бұл орайда Компанияға қарасты «Ембімұнайэнерго» басқармасы Ембі өндіріс алаңдарындағы трансформатор қондырғыларына (КТП), қосалқы стансаларға (ПС), жинақы үлестіру қондырғыларына (КРУН) техникалық қызмет көрсетеді. Қазіргі уақытта өндірістері 1 391 трансформатор қондырғыларының 80 пайызы энергоменеджмент стандартына сәйкес жаңғыртылды. 11 қосалқы стансалардың 4-уі, 29 жинақы үлестіру қондырғысының 25-і толықтай жаңартылған. Жыл сайын орындалатын электр қондырғыларына профилактикалық сынақтар мен кесте бойынша күрделі және ағымдағы жөндеулер жалпы жұмыстың сапасын көтеруге жол ашып отыр.

Мұнай-газ өндіру басқармаларына техникалық қызмет көрсететін аудандық электр торабы (АЭТ) қажетті құралдармен, жедел арнайы техникамен және заманауи байланыс құралдарымен толықтай қамтылған.

«Ембімұнайэнерго» басқармасы – өз

жұмысын заман талабына сай ұйымдастыра білген ұжымның бірі. Мұндағы арнайы техника және автокөлік колоннасы қызметкерлерді жедел әрі сапалы техникамен қамтамасыз етсе, электр монтаждау учаскесі ауа-райының қолайсыздығына қарамастан кез келген уақытта электр әуе желілеріне күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізе алады. Электр жабдықтарын жөндеу бөлімшесі электр қозғалтқыштардың, қуатты трансформаторлар және дәнекерлеу трансформаторлары мен гене-

Бұл орайда «Ембімұнайэнерго» басқармасында техника қауіпсіздігін сақтау мақсатында 7 кабинет пен қозғалыс қауіпсіздігі бойынша 1 кабинеттің жұмысы ұйымдастырылып, кабинеттер интерактивтік тақталармен, проекторлармен және алғашқы дәрігерлік көмек көрсету үшін арнайы «максим» атты жаттығу қондырғыларымен жабдықталған.

Өз мамандарының кәсіби деңгейін үнемі көтеруге жіті назар аударатын басқарма басшылығы тоқсанына бір рет «шеберлер



раторлардың күрделі жөндеу жұмыстарын жүзеге асырса, электр химиялық қорғаныс бөлімшесі мұнай құбырларының электр химиялық қорғаныс жұмыстарын, электр жабдықтарына техникалық қызмет көрсетумен айналысады.

Қай салада болмасын басты назарда ұсталатын қағида – адам өмірінің сақталуы.

күні» шарасын ұйымдастыруды дәстүрге енгізген. Мұнда қызметкерлердің арнайы оқу орталықтарынан келген мамандардан дәріс алуларына мүмкіндік қарастырылған.

**Жанібекбай ТӨЛЕГЕНОВ,**  
**«Ембімұнайэнерго» басқармасының**  
**басшысы.**

## СҰРАҚ-ЖАУАП

ЖАЗЫЛҒАН  
ЖАЙДЫҢ  
ЖАҢҒЫРЫҒЫ

Жуырда қызметкерлерімізден ескі автобустар мен операторлық вагондардағы санитарлық тораптарға қатысты мәселелер көтерілді. Аталған мәселелерге орай төмендегідей жауаптарды жолдаймыз:

Автобустарға қатысты келер болсақ, 2019 жылы Компанияның бекітілген аутсорсинг бағдарламасы аясында 61 техника шығарылып, орнына өзге компаниялардан 59 бірлік техника алу жоспарлануда.

Соның ішінде, 16 ескі автобустың орнына соншалықты жаңа техника алу көзделіп отыр. Нақтырақ айтсақ, сегізі – Урал және/немесе Камаз және сегізі – орта типті жайлы техникалар.

Санитарлық тораптарға қатысты: бұл мәселені шешу жолдары да басшылықпен талқыланды. Өздеріңізге белгілі, біздің қолданыстағы барлық операторлық бөлмелер көптеген жылдар бұрын сол кезеңдегі санитарлық нормалар және ережелерге сәйкес салынды. Сондықтан, операторлық

вагонда елді мекендерден алшақ орналасуына байланысты орталық кәріз жүйесіне қосылмаған. Осыған орай, қазіргі таңда ЕМГ келешекте дамыту департаменті қосымша қаражат бөлу жолдарын қарастырып, алдағы уақытта Компанияның өндірістік нысандарына 180-нен астам биоәжетханалар орнату жұмыстары жүзеге асуда. Жобаны жүзеге асыру мерзімі – шамамен 2019 жылдың II тоқсаны.

ЕМГ Басқарма төрағасы Ә.Е.Жақсыбековтің есеп беру кездесуінде айтылғандай, қазіргі таңда компанияда әлеуметтік инфрақұрылымды жақсарту бағытында және жұмысшылардың әлеуметтік-тұрмыстық жағдайын жақсарту бағытында ауқымды жұмыстар жүргізілуде, тиісті бағыттарда жобаларды жүзеге асыру жоспарланып келеді.

**Айта кететін басты жайт, әлеуметтік желілер арқылы жазба қалдыру – толғандырған мәселелерді шешудің тиімді жолы емес. Өндірістік және әлеуметтік салаларға қатысты сауалдарыңыз, ұсыныстарыңыз болса, қоғаммен байланыс қызметі мамандарының электронды пошталарына жіберіп, нақты жауаптарын ала аласыз: L.Suleimenova@emg.kmgp.kz, тел. 21-177, G.Karajanova@emg.kmgp.kz, тел. 21-121, A.Ertleuova@emg.kmgp.kz, тел. 21-309.**

МҰНАЙШЫЛАР  
ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫТҰРҒЫЗБА –  
МЕНІҢ АУЫЛЫМ

Тұрғызба – менің ауылым,  
Ыстық қой сенің бораның мен  
дауылың.  
Менің жастық шағымдай  
Нөсерлеп өткен жауының.

Оқыған 10 жыл мектебім,  
Сенде өтті жастық шағым мен көк  
темім.  
Ұмытылмас ешқашан  
Ұстаздардың білім нәрін сепкені.

Ауылым менің ауылым,  
Тұрғызба – менің ауылым.

Аспанында қалықтаған шағала,  
Жем өзені толқыны соққан жағаға.  
Балық аулап артынан еріп жүретін,  
Толқындары ұқсайтындай ағаға.

Жусанды кең далаңда,  
Аунай кетем көк шалғынға барам  
да.  
Табылар ма сендей жер,  
Мынау шулы қаламда?

**Жанәбіл РАХЫМЕТОВ,**  
**«Ембімұнайэнерго» басқарма-**  
**сының өндірістік**  
**қызмет көрсету учаскесінің**  
**жұмысшысы.**

МЕНШІК ИЕСІ:  
«ЕМБІМҰНАЙГАЗ» АҚ

**ЕмбіМұнайГаз**  
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

Шығарушы:  
**қоғаммен байланыс қызметі**

Бас редактор:  
**Айгүл Ертлеуова**



<https://www.facebook.com/100016808373445>



[https://www.instagram.com/ao\\_embamunaigas](https://www.instagram.com/ao_embamunaigas)



<https://t.me/embamunaigas>



[www.emba.kz](http://www.emba.kz)

## РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС:

**Әнуар ЖАҚСЫБЕКОВ** – «Ембімұнайгаз»

АҚ Басқарма төрағасы; **Айболат**

**ГАБДУЛЛИН** – Басқарма төрағасының

өндіріс жөніндегі орынбасары; **Қайрат**

**ӘДІЛБЕКОВ** – Басқарма төрағасының

геология және кен орындарын игеру

жөніндегі орынбасары; **Бауыржан**

**БАЛЖАНОВ** – Басқарма төрағасының

бизнесі дамыту жөніндегі орынбасары;

**Сәлімжан НАҚПАЕВ** – Басқарма

төрағасының жалпы мәселелер жөніндегі

орынбасары; **Гүлбану ШАРАФЕТДИНОВА**

– қызметкерлерді басқару және еңбекке

ақы төлеу департаментінің директоры;

**Лаура СҮЛЕЙМЕНОВА** – қоғаммен

байланыс қызметінің жетекшісі

ХАТ-МАТЕРИАЛДАРЫҢЫЗДЫ  
ТӨМЕНДЕГІ МЕКЕН-ЖАЙҒА  
ЖІБЕРЕ АЛАСЫЗДАР:

Атырау қаласы, Ш.Уәлиханов  
көшесі, 1-үй, ЕМГ АҚ бас кеңсесі,  
105 кабинет

**Лаура СҮЛЕЙМЕНОВА**  
8 (7122) 99-34-77  
[L.Suleimenova@emg.kmgp.kz](mailto:L.Suleimenova@emg.kmgp.kz)

**Ғалия ҚАРАЖАНОВА**  
8 (7122) 99-34-21,  
[G.Karajanova@emg.kmgp.kz](mailto:G.Karajanova@emg.kmgp.kz)

**Айгүл ЕРТЛЕУОВА**  
8 (7122) 99-32-09,  
[A.Ertleuova@emg.kmgp.kz](mailto:A.Ertleuova@emg.kmgp.kz)